


2 ТЕҢІЗ КЕН ОРЫНДАРЫН ИГЕРУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

2.1 Жасанды аралдар

Жасанды аралдарды (2.1-сурет) олардың құрылысының қымбаттығынан кеңінен қолданылмайды. 10 м және одан аса су тереңдігінде жасанды аралдарды орнату тиімсіз. ТМД кен орындарында жасанды аралдарды Батыс Сібірдегі Самотлор көлінің түбінде қолданады. Әрбір жасанды аралда 12 және одан да көп ұңғымалар тобы бұрғыланады. Шетелдік тәжірибеде жасанды аралдарды Канадада Маккенези өзенінің атырауында ұңғыларды бұрғылау үшін орнатады.



2.1-сурет. Жасанды арал

Жасанды аралдағы тасымалды бұрғылау қондырғысы. Аралдың артықшылықтарына мыналар жатады: қысқы мезгілде мұздың әсеріне деген үлкен тұрақтылығы және барлық қажетті қоймалар мен резервуарларды орналастыруға болатын бетінің үлкен ауданы 8918,7 квадрат метр. Ал аралдың кемшілігіне құрылысқа көп көлемде түбі тереңдетілген жұмыстар қажеттілігі және судың 4-5 метрден жоғары тереңдіктегі құрылыстың құны аса қымбат жұмыс болып кетуі жатады.

Экологиялық аспектіде аралдың артықшылығы болып мұнайөнімдерін және басқа бұрғылау қалдықтарының төгілуін оқшауландыратын мүмкіндігі жатады, сонымен қатар техникалық қызмет ету бойынша минималды талапнамалар жатады. Кемшіліктері – үлкен аумақта теңіз түбінің бұзылуы, негіздеменің мүмкін су жуып кетуі және су түбіндегі шөгінділерден ластанулардың ағуы, осылардың бәрі аумақтағы гидродинамиканың өзгерісіне алып келеді.

5-6 м су тереңдігінде жағадан алыс емес жерлерде нобай немесе құмның шаюынан пайда болған топырақ құрылыстарының қолдануы орын табуы мүмкін. (2.2-сурет)